

**"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына
өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 816 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) Әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеуді әдіснамалық қамтамасыз ету, оның ішінде елдің және өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін бес жылдық кезеңге болжамдау әдістемесін әзірлеу және бекіту;"

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың даму стратегияларын әзірлеу жөніндегі әдістемені бекіту;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев